

**ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы
Әкімшілік жиналыс
хаттамасы №1**

Күні: 20 қыркүйек 2025 ж

Тақырыбы: "Жаңа оқу жылының басталуы, ішкі тәртіп ережелері"
Қатысқандар: 13

Күн тәртібі:

1. Бөбекжай бақшасы ішкі тәртіп ережелерінің сақталу жағдайын талдау.
2. Балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар.
3. Ата-аналардың ішкі тәртіпке қатысты ұсыныстарын талқылау.
4. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай бақшадағы ішкі тәртіп ережелерінің сақталу жағдайы

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай бақша меңгерушісі С.Арынова мекемеде ішкі тәртіп ережелерінің сақталуына қатысты жағдайды сараптады. Балалардың келу және кету уақытының тәртіпке сай екені, бірақ кейбір тәрбиешілердің жұмыс уақытына кешігу деректері анықталғанын айтты. Ішкі тәртіп ережелерін сақтау балалардың қауіпсіздігі мен оқу-тәрбие процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде басты рөл атқарады. Әр қызметкерге ережелерді сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек. Тәрбиешілер ата-аналардың балаларды кеш алып кету жағдайлары жиі қайталануын түсіндіру керектігін айтып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Ішкі тәртіп ережелерін сақтау бойынша барлық қызметкерлерге түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

II ТЫҢДАЛДЫ: Балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар.

СӨЙЛЕДІ: Шаруашылық меңгеруші К.Аманкулова балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ғимарат ішіндегі тазалық пен санитарлық нормалардың сақталуын тексеру нәтижелерін ұсынды. Сонымен қатар, эвакуация жолдары мен өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына назар аударылды.

Бөбекжай бақшадағы балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігі – мекеменің негізгі басымдықтарының бірі. Қауіпсіздік шаралары баланың денсаулығын қорғауға, тәрбиелік және оқу үдерісінің тиімділігіне, сондай-ақ

қызметкерлердің жұмысына оң әсерін тигізеді. Бүгінгі баяндаманың мақсаты – қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын талқылап, тиімді ұсыныстар ұсыну. Құрметті әріптестер, балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – біздің басты міндетіміз. Қауіпсіздік шараларын ұдайы жетілдіре отырып, біз балаларға қолайлы және қауіпсіз орта қалыптастыра аламыз. Осы бағытта ұжым болып бірлесіп жұмыс істейік.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Әр аптада тазалық пен қауіпсіздік шараларының орындалуын тексеру.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: Ата-аналардың ішкі тәртіпке қатысты ұсыныстарын талқылау

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші Н.Әйтбенбетова ата-аналардың бөбекжай бақшаның ішкі тәртібіне қатысты ұсыныстарын жинау бойынша сауалнама қорытындылары ұсынылды. Негізгі мәселелер:

- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге
- Балаларды қабылдау мен қайтару уақытының нақты кестесін бекіту.

Ата-аналар – бөбекжай бақша қызметінің маңызды серіктестері. Олардың ұсыныстары мен пікірлері балаларды тәрбиелеу және мекеме жұмысын жетілдіру үшін өте маңызды. Бұл баяндамада ата-аналардың ішкі тәртіпке қатысты ұсыныстарын талдау және оларды жүзеге асыру жолдарын қарастырамыз.

Ата-аналардың ішкі тәртіпке қатысты ұсыныстары

Сауалнама және ата-аналармен өткізілген жеке әңгімелер нәтижесінде келесі негізгі ұсыныстар анықталды:

- Кейбір ата-аналар балабақшаның жұмыс кестесіне өзгеріс енгізуді ұсынды (мысалы, жұмыс уақытының басталуы мен аяқталуын ұзарту).
 - Балаларды уақытында әкелу және алып кету қажеттілігі туралы ережелерді нақтылау ұсынылды.
 - Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар енгізу.
- Құрметті әріптестер, ата-аналардың ішкі тәртіп ережелеріне қатысты ұсыныстарын ескеру – бөбекжай бақша қызметін жақсартудың маңызды қадамы. Бірлескен күш-жігеріміз арқылы біз балаларға қолайлы және қауіпсіз орта қалыптастырып, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайта аламыз. Ата-аналардың пікірін тыңдау арқылы олардың мекемеге деген сенімі арта түседі.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Ата-аналарға балаларды уақытылы алып кету қажеттілігі туралы хабарлама тарату.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші С.Арынова топтардағы жылу беру жұмыстары бақылауға алынып, Алтын күз мерекесіне дайындықты күшейту, топтарды безендіру, мерекелік шараны ұйымдастыру жұмыстарын уақытылы жүргізілу, ата-аналарға алдын ала өтетін уақытын айтып, балалардың, персонаждардың киімдерін тігіп, реттеп қою жөнінде айтып өтті.

ШЕШІМ:

1. Ішкі тәртіп ережелері қатаң сақталсын.
2. Балалар қауіпсіздігі басты назарға алынсын.

Жиналыс төрайымы:



С.Арынова

Жиналыс хатшысы:



Ж.Ділдебек



CamScanner көмегімен сканерленген

**ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы
Әкімшілік жиналыс
хаттамасы №2**

Күні: 12 қараша 2025 ж

Тақырыбы: "Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы"

Қатысқандар: 14

Күн тәртібі:

1. №1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы
2. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы.
3. Қызметкерлер мен балалар арасында алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібін түсіндіру.
4. Өрт және басқа төтенше жағдайларға дайындық.
5. Ағымдағы мәселелер

I ТЫҢДАЛДЫ: №1 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай бақша менгеруші мекемедегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралар туралы баяндады. Оған бөлмелердегі электр құрылғыларының қауіпсіздігі, ойын алаңдарының жарақаттанудан сақтандыру жағдайы, есіктер мен терезелердің бекітілуі кіретіні айтылды. Қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша ай сайын тексеру жүргізілетіні туралы ақпарат берілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен әкімшілік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық

II ТЫҢДАЛДЫ: Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай бақшасы медбикесі С.Эгембердиева Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталу барысы бойынша есеп берілді. Барлық топтарда күнделікті дезинфекция жұмыстары жүргізілетіні, қол жуу ережелері бойынша балалар мен қызметкерлерге түсіндіру жұмыстары өткізілгені айтылды.

Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы – балалардың денсаулығын қорғау және балабақшада қолайлы орта қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл талаптарды орындау балалардың денсаулығына ғана емес, тәрбиешілер мен ата-аналардың сеніміне де әсер етеді. Бүгінгі баяндамамызда санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалу жағдайын талқылап, олардың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды қарастырамыз.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Топтық бөлмелер мен асханаға арналған санитарлық тазалық нормаларын қатаң сақтау.

III ТЫНДАЛДЫ: Алғашқы медициналық көмек көрсету

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай бақшасы медбикесі С.Эгембердиева алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша өткізілген тренинг нәтижелерін таныстырды. Барлық қызметкерлер балаларға алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерімен таныс болғаны, бірақ бұл бағытта тұрақты түрде қайта оқыту қажет екенін айтты.

Бөбекжай бақшадағы алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібін білу – бұл балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Кез келген күтпеген жағдайда жылдам әрі дұрыс әрекет ету – денсаулыққа келетін зиянды азайтуға мүмкіндік береді. Бүгінгі баяндаманың мақсаты – алғашқы медициналық көмектің маңыздылығын түсіндіру, оның негізгі қағидаларын қарастыру және тәртібін нақтылау.

1. Алғашқы медициналық көмектің маңыздылығы

Алғашқы медициналық көмек – бұл жарақат алған немесе ауырып қалған адамға медициналық мамандар келгенге дейін көрсетілетін алғашқы шаралар. Бұл көмектің мақсаты – адамның өмірін сақтау, оның жағдайын тұрақтандыру және асқынулардың алдын алу.

Мақсаттары:

- Жарақат алған немесе ауырып қалған балалар мен қызметкерлерге уақытында көмек көрсету.
- Жарақат немесе сырқаттың асқынуын болдырмау.
- Күтпеген жағдайларда дұрыс әрекет ету мәдениетін қалыптастыру.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Медициналық көмек көрсету құралдарының толық жиынтығын қамтамасыз ету.

IV ТЫНДАЛДЫ: Өрт және басқа төтенше жағдайларға дайындық

СӨЙЛЕДІ: Шаруашылық меңгерушісі К.Аманкулова өрт қауіпсіздігі бойынша оқыту және эвакуациялық жоспарды орындау барысы талқыланды. Оқу-жаттығу барысында кейбір кемшіліктер анықталғаны туралы баяндама жасалды.

Бөбекжай бақшадағы өрт және басқа да төтенше жағдайларға дайындық – балалар мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғаудың маңызды бөлігі. Қауіпсіздік шараларын алдын ала ұйымдастыру және төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету жоспарының болуы апат салдарын азайтуға мүмкіндік береді. Бүгінгі баяндамамызда өрт және басқа да төтенше жағдайларға дайындықтың қазіргі жағдайы мен оны жетілдіру жолдары қарастырылады.

1. Төтенше жағдайларға дайындықтың маңыздылығы

Балабақша – бұл балалар мен қызметкерлердің тығыз байланыста болатын мекеме. Сондықтан төтенше жағдайларға дайындық төмендегідей маңызды аспектілерді қамтиды:

- Балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- Қауіпті жағдайлар кезінде жылдам әрі дұрыс әрекет ету.
- Ата-аналар мен қоғам алдындағы жауапкершілікті орындау.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Қызметкерлер мен балалар үшін эвакуациялық жоспарды қайта пысықтау.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші С.Арынова топтардағы жылу беру жұмыстары күнделікті бақылауға алынып отырғанын, топтардың температурасы 22-23С көрсетіп тұрғанын айтты. Сонымен бірге, топтардағы заттық-дамытушы ортаны безендіру, толықтыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстарын жандандыру мәселелеріне де тоқталды.

ШЕШІМ:

1. Балалардың денсаулығын сақтау бойынша ексерулер уақытылы жүргізілсін, ата-аналарға қызылша ауруы туралы мәлімет берілсін.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



С.Арынова



Ж.Ділдәбек

**ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы
Әкімшілік жиналыс
хаттамасы №3**

Күні: 12 ақпан 2026 ж

Қатысқандар: 14

Күн тәртібі:

1. №2 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы
3. Бөбекжай бақшасы аумағын қардан тазарту, көктемгі тазалық жұмыстарын жүргізу
4. Ағымдағы мәселе

I ТЫНДАЛДЫ: №2 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші С.Арынова өткен әкімшілік жиналыс шешіміне тоқталып өтті. Балалардың денсаулығын сақтау, оның алдын алу жұмыстары жүргізілді. Жалпы ата-аналар жиналысы өтіліп ата-аналарға поликлиника дәрігері қызылша ауруының алдын алудың бірден бір жолы екпе алу екенін түсіндіріп өтті, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен әкімшілік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫНДАЛДЫ: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер А.Долходжаева сөз алды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру қызметтерінің мониторингі әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті бақылауға, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын және үлгілік мазмұнын меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін мониторинг (аралық) жүргізілді, - деп топтардың мониторинг деңгейіне жеке-жеке тоқталып өтті.

III ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай бақшасы аумағын қардан тазарту, көктемгі тазалық жұмыстарын жүргізу

СӨЙЛЕДІ: шаруашылық меңгерушісі К.Аманкулова сөз алды. Бөбекжай бақшасы аумағын қардан тазалау жұмыстары жүргізілді. Тазалау жұмысы барысында серуендеу учаскелері, бөбекжай бақшасы аумағы қаралды. Жұмыс барысында барлық дерлік тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілері қысқы кезеңге арналған серуендеу учаскелерінің алаңын қардан тазартқаны анықталды. Алаңдар тазартылып, спорттық және қимылды ойындарға дайын. Балабақша ауласын толықтай қардан тазартып, балалардың жүріп тұруына жағдай жасалған.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселе

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші С.Арынова топтардағы жылу беру жұмыстары күнделікті бақылауға алынып отырғанын, топтардың температурасы 20-21 С көрсетіп тұрғанын айтты. Сонымен бірге, 8-21 наурыз мерекелерін өткізу, топтарды безендіру, мерекелік шараны ұйымдастыру жұмыстары уақытылы жүргізу, ата-аналарға алдын ала өтетін уақытын айтып, балалардың, персонаждардың киімдерін тігіп, реттеп қою жөнінде айтып өтті.

ШЕШІМ:

1. Бөбекжай бақшасы аумағында тазалық жұмыстары бақылауға алынсын.

Жиналыс төрайымы:



С.Арынова

Жиналыс хатшысы:



А.Долходжаева

**ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы
Әкімшілік жиналыс
хаттамасы №4**

Күні: 15 мамыр 2026 жыл
Қатысқандар: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1. №3 Әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы
2. «Балаларға ерте жастан экологиялық тәрбие берудің тиімділігі»
3. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу
4. Ағымдағы мәселелер

I ТЫҢДАЛДЫ: №3 әкімшілік жиналыс шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай бақшасы меңгерушісі С.Арынова өткен әкімшілік жиналысының шешімінің орындалысына тоқталып өтті. Балабақша ауласының санитарлық жағдайы қатаң бақылауға алынып, шөптер жұлынды, ағаштардың түптері ақталып, гүлдер отырғызылды. Топтардың ойын аландарындағы ойыншықтар сырланды, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен әкімшілік жиналыс шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Балаларға ерте жастан экологиялық тәрбие берудің тиімділігі»

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші А.Есімхан Табиғат-баланың алғашқы эстетикалық тәрбиешісі. Табиғатты бақылай отырып, бала оның сұлулығын көруге, түсінуге және бағалауға үйренеді. Экологиялық тәрбие - бұл күрделі педагогикалық процесс. Ол табиғатқа деген көзқарасы тұрғысынан адамның өзіне деген қарым-қатынас жүйесін қалыптастырады.

Ерте жас-қоршаған орта туралы идеяларды жинақтау үшін экологиялық білім беру үшін ең қолайлы уақыт. Дәл осы жаста балалар табиғатпен үнемі кездеседі және олардың алғашқы сезімдері оны табиғат объектілерімен байланысты: құм мен су, жарық пен қараңғылық, аспандағы күн мен ай, жылу мен суық, ауа – райы құбылыстары-жел, жауын-шашын, дыбыстар, түстер, әр минут сайын бала әлемінде пайда болатын табиғат нысандарының пішіні. Кішкентай кезінен бастап балаларды табиғатты сүйуге және ұқыпты ұстауға үйрету керек, өйткені бұл жаста балалар айналасындағылардың бәріне қызығушылық танытады, олар алған білімдерін мұқият тыңдайды және есте

сақтайды. Біз балаларда өсімдіктер де, жануарлар да тірі тіршілік иелері деген түсінік қалыптастырамыз, олар дем алады, су ішеді, өседі, ең бастысы, адамдар сияқты ауырсынуды сезінеді. Сынған бұтақ жылап, көмек сұрайды, жыртылған жапырақтары өледі, мысықтар немесе иттер, егер олар ауырса, тырнауы немесе тістеуі мүмкін. Біз балаларды жабайы табиғатқа, табиғаттағы мінез-құлық ережелеріне қамқорлық жасауға үйретеміз. Менен неге қажет қорғауға және қамқорлық қоршаған орта туралы түсінігін, жинау болып табылады қоқыс. Бірақ сонымен бірге біз өзіміз, ересектер, балаға үлгі болуымыз керек,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:Балаларға экологиялық тәрбие беру жұмыстарын жалғастыру.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу.

СӨЙЛЕДІ: шаруашылық меңгерушісі К.Аманкулова сөз алды. Биылғы ағымдық жөндеу жұмыстары шілде айына жоспарланып отыр. Барлық топтардың қабылдау бөлмелері мен ойын бөлмелері және асхана қайта сырланып, боялады. Учаскелерге балалар ойнайтын құм алу жоспарланып отыр,-деді.

ІV ТЫҢДАЛДЫ Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші С.Арынова жазғы маусымдық жұмыстар, қызметкерлердің еңбек демалыстары туралы айтып өтті.

ШЕШІМ:

1. Тазалық жұмыстары бақылауға алынсын.
2. Балаларға экологиялық тәрбие беру жұмыстары жандандырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



С.Арынова

А.Долходжаева